



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

**«ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ  
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН  
СЫНЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары

12 қазан, 2012 жыл

Материалы международной  
научно-практической конференции

**«ТУРСЫНБЕК КАКИШУЛЫ И АКТУАЛЬНЫЕ  
ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ  
ЛИТЕРАТУРЫ И ЛИТЕРАТУРНОЙ КРИТИКИ»**

12 октября, 2012 год

Proceedings  
of International scientific-practical conference

**«TURSYNBЕК KAKISHULY AND THE ACTUAL  
PROBLEMS OF HISTORY RESEARCH OF KAZAKH  
LITERATURE AND LITERARY CRITICISM»**

2012, October, 12th

Алматы 2012



**Жауапты редактор**  
Қ. Әбдешұлы

**Құрастырушылар:** А. Темірболат, С. Дәрібаев,  
Ш. Шортанбаев, А. Жүсіпова

**Тұрсынбек** Кәкішұлы және қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / құраст.: А. Темірболат, С. Дәрібаев, Ш. Шортанбаев, А. Жүсіпова. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 158 бет.

**ISBN 978-601-247-639-2**

Жинақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп Ғылым академиясының Құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Айтматов академиясының академигі, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының 85 жылдық мерейтойына орай шығарылды. Ғалымның қайраткерлік келбетін, азаматтық тұлғасын және зерделі зерттеушілігін танытуға арналған белгілі қоғам және өнер қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдар мен жас буын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы мамандарға, жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарына, жалпы сөз өнерін қадірлейтін оқырман қауымға арналған.

**Жанғара Дәдебаев,**  
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай*  
*ғылыми-зерттеу институтының директоры,*  
*ф.ғ.д., профессор*

### **АҚЫЛ ОТЫҢЫЗ ЖАНА БЕРСІН, АРДАҚТЫ ҰСТАЗ!**

«Оң жақ қатарымда отырған бір қарасұр жігіт маған тура ұры көргендей сезікті кескінмен қайта-қайта қадалып қарай берді.

Қарасұр жігіт бір көрмеге әп-әдемі: қыр мұрын, атжақты, ашаң. Көзінің шырасында ақыл мен ашу оты аралас жанады. «Ашусыз ақыл тұл» деген, асылы, ақыл оты маздаған жерде ашу шоғы қосыла қоздаса, сол абзал!

Өлгіміз алғаш көрісуіміз. Дегенмен, қайтейін, қайта-қайта бажырая бергесін аздап ызам кеп мен де жалт бұрылып, көзімді кеңірек ашып едім, бәрібір міз бақпады, сол қадалған қалпы, бас жоқ, аяқ жоқ:

– Тұрсынбекпін! – деп, «көз сырнайын» сәл жаза түсті де, қайта жиырып алды.

– Тұрсынбек болсаң қайтейін, – дедім мен, – ал!» (Қабдолов З. Арна. – Алматы, 1988. – 221-бет).

Бұл 1945 жылы күзде Қазақ ұлттық университетінің аудиториясында өткен бір оқиға еді. Оны сөз арқылы суретке айналдырушы сол кезде Тау-кен институтындағы сабағын тастап, Мұхтар Әуезовтің лекциясын тыңдау үшін ұлы мәртебелі ұлттық университет аудиториясына өз еркімен келіп отырған Зейнолла Қабдолов еді де, «көзінің шырасында ақыл мен ашу оты аралас жанып» тұрған қарасұр жігіт Тұрсынбек Кәкішев болатын. Содан бері аттай шауып алпыс жылдан астам уақыт өте шығыпты... Оның бес жылы университет аудиториясында М.Әуезов бастаған ұстаздардан сабақ алуға кетті. Қалған жылдар да сол аудиторияда өтті, бірақ бұрынғыдай шәкірттік ізденіспен емес, ұстаздық қызметпен, ғылыми еңбекпен жалғасты.

Ұлттық университеттің студенттері Түрсекеңдердің тұсында басқа жоғары оқу орындарының оқытушысымен ой жарыстырып, бой теңестіргендей болыпты. Оның себебі университет аудиториясының айрықша қасиетімен байланысты болғанға ұқсайды: М.Әуезов секілді данышпандар дәріс оқыған аудитория кісіге қанат бергендей, ойын байытып, ақылын тасытқандай әсер етеді екен.

1945 жылғы қыр мұрын, атжақты, ашаң студент бүгінде ақ шашты, сары тісті, толып жатқан атақ-дәреженің иесі: филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, жазушы, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Халықаралық Айтматов академиясының толық мүшесі, 1000-нан астам ғылыми және әдеби еңбектердің авторы, олардың ішінде 50-ден астам монография, оқулық пен оқу құралы, зерттеу мақалалар мен эсселер жинағы бар. 50-ден астам ғылым кандидаттары мен докторларын тәрбиелеп, өсірді. Қазақ әдеби сынының бастау-көздерін тапты, туу, қалыптасу заңдылықтарын ашты, даму жолдарын анықтады. Сынтану ғылымының негізін



қалады. Әдеби сын тарихы бойынша қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет арнаулы және жалпы теориялық лекциялық курстар дайындады, олардың оқу бағдарламалары мен оқулықтарын жазып жарыққа шығарды, қилы замандарда халық үшін жанын қиған ақындар мен жазушылардың әдеби мұрасын жинап, баспадан бастырып, ел игілігіне ұсынды. Сәкеннің көркем бейнесін жасау мақсатында көз майын тауысып Алматы мен Мәскеу, Бішкек пен Ташкент, Орынбор мен Қазан архивтерін ақтарды. Сәкеннің табаны тиген, тіпті «азап вагонында» жүріп өткен жерлерді түгел шарлап шықты. Ресей, Қытай, Түркия, Моңғолия, Иран, Польша, Франция елдерін аралап, олардағы қазақтардың тұрмыс салты мен әдет-ғұрпын, сөз өнері мен қол өнері үлгілерін зерттеп, зерделеді. Нәтижесінде бірнеше зерттеу, эссе кітаптарын шығарды, теле және радио хабарлар тобын дайындады. Қазақ әдебиет тануында жаңа ғылыми бағыттың негізін қалап, оны бір тұтасқан салаға айналдырды, ғылыми мектебі қалыптастырды. Отандық ғылымға еңбек сіңірді. Қоғамдық ойдың жаңғыруына, жаңарып дамуын үлкен үлес қосты.

Ғалым адамның ғылым жолында тапқан табыстары мен жеткен жетістіктері – таудай талаптың нұрлы ақылдың, адал еңбектің нәтижесі. Оның үстіне нағыз ғылыми-шығармашылық еңбектің жолы имек, соқтықпалы, ойлы-қырлы, оның басы мен аяғы бар да, екі ортада аялдама, үзіліс деген болмайды. Ондай жолда сүрінбей, құлап кетпей, тура шығу үшін кісі көзіне қарауға, ақырын жүріп, анық басуға мәжбүр. Мұндай жағдай бойдағы қуаттың жұлқынуы, бұлқынуы, ұмтылуы дегендердің ұмытылуын алып келуі ғажап емес. Алайда мақсаты үлкен, ерік-жігері күшті ғалым көзіне бағып, ақырын жүргенмен, ішкі қуатын жоғалтпайды. Сондықтан оның басында бұлқынуы, тіпті ерлік көрсетуді талап ететін сәттер де аз болмайды. Ондай сәттерде жасалатын қолма-қол іске ғылым іздегендердің бәрі емес, бойында қуаты қайнаған, ойында көзі жайнаған батылы немесе батыры ғана тәуекел ете алады. Бұл ел ұғымындағы көзсіз батырлыққа да, ерлікке де сай келеді. Тұрсынбек Кәкішұлы ғылым жолындағы табыстары мен жетістіктерінің біразына ғылыми ойлаудағы батылдығымен, қағид қалыптастырудағы қайсарлығымен, пікір айтудағы батырлығымен жетті десек болады. Оның мәніс мынада: ғалым кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінде социалистік реализм әдісінің қалыптасу кезеңінде (1917-1927) сыншыл реализм әдісі де қолданыста болды деген теория ұсынды. 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясында да осы пікірінен қайтпады. Бұл кеңес дәуірі әдебиетінің теориясы үшін мүлде тосын, тіпті идеологиялық жағынан жат қағида еді. Өйткені бұл теория сыншыл реализм әдісінің өз кезіндегі қоғамдық жүйенің негізін шайқалтуды, тіпті жоюды көздейтіні туралы қисынды ұстанды. Түрсекектің қорғауға ұсынып отырған басты қағидасы социалистік реализм теориясының өзегінде идеологиялық жағынан барынша негізделген осы қисынды жоққа шығарғандай еді. Кеңестік дәуірде мұндай теория ұстану қатерге бас тігумен бірдей болатын. Өз пікірінің, өз тұжырымының дұрыстығына сенген ғалым алған бетінен қайтпады. Сондай қатерлі деген істің тұсында лайықты әрекет жасауға батылдығы да, батырлығы да жетті. Мұны ғылымға адалдықтың, ғылыми ойлаудағы батырлықтың, пікір айтудағы батылдықтың ғана сөзі емес, көзсіз ерліктің өзі десе болғандай еді. Бүгінгі әдеби-теориялық ой бұл мәселені лайықты пайымдау деңгейіне әлі көтерілген жоқ. Ал бүгінгі қоғамдық даму заңдылықтары тұрғысынан қарағанда, сыншыл реализм әдісі қоғамдық жүйені шайқалтуға емес, жайқалтуға қызмет ететініне көз жеткізуге болады. Ғалымның XX ғасырдың алпысыншы жылдары ұсынған қағидасы бүгінгі әдебиетіміздің дамуы үшін де, бүгінгі әдебиетіміздің творчестволық әдісін негіздеу үшін де пайдалы болатыны рас.

Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми, әдеби-шығармашылық, ұстаздық қызметінің нәтижелерін бұлайша жалпылай атап өту қиын емес. Алайда осы қызметтің әр саласы сандаған жылдар бойы ақыл мен ойға салмақ салған, жан мен жүрекке күш түсірген үздіксіз ізденісті, инемен құдық қазғандай толассыз да тынымсыз еңбекті талап еткені анық. Түрсекең қазақ ғылымы мен білімінің, қазақ әдебиетінің өзі тұстас майталман тұлғалары секілді жастық, жігіттік дәуренін, соның тамылжыған кештері мен уылжыған таңдарын, бар саналы ғұмырын осы еңбекке арнады. Біздің ойымызша, бұл – ел игілігі, ұлт мүддесі үшін аянбай қызмет етудің көрнекті көрінісі. Ел игілігі, ұлт мүддесі үшін аянбай қызмет ету, жалқыдан жалпыға аударып айтқанда, ғылым мен білім жолындағы дара тұлғалардың жар салып жария етпей, тіпті жан баласына көрсетпей, жүрек сарайында ғана желбіретіп ұстайтын асыл мұраты іспетті.

Жеке басының мұратына ізденген жанның бәрі жеткен. Ал ұлт мүддесін көздеуден, халық қамын ойлаудан туатын биік мұрат кісінің бәрінің көзіне түсе бермейді. Өйткені мұндай биік мұраттың жұлдызы парлаған парасат көгінде ғана жанбақ. Оны көзбен көріп, көңілмен танығанның өзінде де, талап қып талпынғанның бәрі діттеген жеріне жете бермеген. Оған жету үшін талап пен талпыныс емес, ең алдымен, Жаратқанның жар болуы шарт, сонан соң ерен еңбек пен берен мінез керек. Менің ұғымымда Тұрсынбек Кәкішұлы – Жаратқан жар болып, өзінің парасат көгінен ұлт мүддесінің, халық қамының қамқор жұлдызын жандырған, ерен еңбегіне, берен мінезіне сеніп, ұлт мүддесін көздеуден, халық қамын ойлаудан туған асыл мұратына жеткен адам. Онысы үшін Түрсекең өзін екі тұлға алдында қарыздар сезінеді: бірі – Жаратушы, екіншісі – ұлттық университет. Осы университетте өткен



халықаралық ғылыми конференциялардың бірінде ғалым: «Менің университетім секілді қасиетті қара орда жер бетінде жоқ», – деп тебіренгенде, конференцияға қатысып отырған қара ормандай қалың жұрт та Түрсекеңмен бірге тербелгендей болды. Иә, Жаратушы өмір берді, университет сол өмірге мән берді. Адамға Жаратушы берген өмір өлшеулі. Ал университет берген мән мен мазмұнда шек те, шет те жоқ. Жоғары білімді маман, әсіресе, ұлт тілі мен ұлт әдебиеті маманын тәрбиелеп шығарудың негізін осындай мән мен осындай мазмұн түзеді. Тұрсынбек Кәкішұлы – шәкірттеріне білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың өміріне осындай мән мен осындай мазмұн дарытып келе жатқан ұстаз.

Тұрсынбек Кәкішұлының бір ерекше қасиеті – аудиториядан әдебиетке ықыласы айрықша, ойы алғыр, ойлауы еркін шәкірт табыла қалса болды, оны қамқорлығына алып, әдеби зерттеу жұмысына тарта бастайды. Студенттердің ғылыми конференцияларында ұстаз басшылығымен баяндамалар жасап, студенттердің ғылыми жұмыстарының конкурстарына қатысып, едәуір ысылған шәкірт оқу бітірер жылы әдебиеттің нағыз білімді жас маманы деген атқа лайықты дәрежеге жетер еді. Бір ғажабы, ғалым өзінің алдынан ұшқан осындай жастарды ұстаздық ақыл-кеңесімен, жылы сөзімен ғана қолдап қоймай, олардың университетті бітіргеннен кейінгі өмір жолдарына да өзін жауапты сезінеді. 1970 жылдары университеттің филология факультетін бітірген жас мамандарды топ-тобымен Ұлттық ғылым академиясына бірнеше дүркін алып барып, қызметке орналастырғанда, ұстаз еркін осы сезім, ұстаздық жауапкершілік пен қамқорлық сезімі, билеген болар-ау деп ойлаймын. Бұл ұстаз үшін – еңбек, ал жастар үшін ұстаз жанының жарығы мен жылуы, нәрі мен мәніне баға жетпес тағылымы еді. Профессордың алдынан осындай тағылым, тәлім-тәрбие алған жастардың әрқайсысы бүгінде бас маманға айналды: профессор, кафедра меңгерушісі, декан, институт директоры, проректор, ректор, министр, т.б. Сөз өнері саласында бұл азаматтар толып жатқан мәселелерді зерттеп, анықтады, жаңа ғылыми бағыт-бағдар ашты, білім беру жүйесін жаңарту мен жақсартуға үлес қосты, монографиялық зерттеулер жазып, оқулықтар мен оқу құралдарын даярлады, ғылым мамандарын дайындауда да аянбай еңбек етуде. Тіл өнерінің ауыр жүгі енді осылардың иығына ауысты.

Ұстаз сөзіне бақсақ, жоғары мектепте дәріс беру ісін ғылыми зерттеу ісінен бөле-жара қарауға болмайды. Жоғары мектептің әдебиет пәнінен дәріс беруші оқытушы студенттерге дайын оқулық тарауларын оқумен шектелсе, онда оның ұстаздығының айтарлықтай қасиеті болмағаны. Университет аудиториясында әр оқытушы студенттерге өз ақыл-ойымен тапқан, өмірлік мәні айқын, пайдалы білімді беруі шарт. Білім алушы әр оқытушыдан жаңа білім алып қана қоймай, сол алған білімін өз өмірі, халық игілігі үшін орнын тауып, тиімді пайдалану күздіретіне ие болуы қажет. Ол үшін оқытушы жатпай-тұрмай ізденуге, зерттеуге, игілікті, жаңа білім өндіруге, сөйтіп оны отандық және әлемдік білім рыногына шығаруға дайындауы тиіс. Сөз өнері туралы ғылымда оқу мен білудің, ізденудің өзіне есепсіз көп уақыт кететіні рас. Олай етпейінше жаңа білім өндіру, маңызды ой айту, пайдалы пікір тую қиын. Әдеби шығарма, әдеби процесс, әдеби даму, әдеби тіл жайында тың ой, соны пікір айта алмаған маман әдеби құбылыс мазмұнын баяндаумен шектелуге мәжбүр. Әдебиеттану үшін бұл жеткіліксіз. Өйткені әдебиеттану ғылымы қалықтап емес, шарықтап ойлауды, жай емес, жанқияр еңбекті талап етеді. Шығармашылық шарықтап ойлау мен ерлікпен пара-пар ерен еңбек болмаған жерде әдебиеттану да, әдебиеттанушы да дәрменсіз. Түрсекеңнің сөзіндегі тарихтан, көңіліндегі жарықтан шығармашылық ойлау мен шығармашылық еңбектің осындай үлгісі елес береді.

Біз студент болған жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының профессорлар шоғыры аса көрнекті болып көрінетін: Бейсембай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин, Мұхамеджан Қаратаев, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Сұлтанғали Садырбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Рымғали Нұрғалиев... Әрқайсысының зерттеу саласы, лекция оқу даралығы, азаматтық-адамгершілік келбеті, университет өміріндегі орны ерекше, ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері ретінде бәрі де бүкіл елге құрметті, абыройлы ірі тұлғалар сияқты еді. Расында бұл топтағы ұстаздарымыздың қай-қайсысы да өз саласында қатарларынан қара үзіп шыққан аса ірі ғалым, ғибратты ұстаз болатын. Солардың ішінде Тұрсынбек Кәкішұлының лекциясы айрықша нақты, деректі мазмұнымен ерекшеленетін. Әсіресе, ұстаздың қазақ әдебиеті тарихының кенестік дәуірінің бастапқы жиырма бес жылындағы даму арналары мен бағыттары, тенденциялары туралы лекциялары пәнаралық мазмұнының тереңдігімен тәнті ететін. Сын тарихы бойынша Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы түрлі баспасөз беттерінде алғаш айтылған маңызды ойлар мен пікірлердің көпке емес, тек өзіне ғана белгілі, көптің қолы жете бермейтін, тек өзінде ғана бар дерек көздерін ашқанда, біздің өз көңіліміздің көзі ашылғандай күйге түсетінбіз. Әдеби шығарманы, әдеби процесті уақыт, дәуір тынысымен сабақтас талдау, дәйекті дәлелдер жүйесіне сүйене отырып саралау, аямай сын айтып, сыншылық тұрғыдан бағалау ой салатын, тағылым беретін, ойдан – ойлауға, танудан танымға жетелейтін. Кеңес үкіметінің орнауы мен қалыптасу жылдары әдеби сын идеологиялық қару қызметін атқарғаны белгілі. Сондықтан сыншы мен сын, шығарма мен жазушы, әдебиет пен өмір, қоғам мен қоғамдық сана арасындағы қатынастардың қиын қалтарыстары сыншы үшін де, жазушы үшін де қауіпсіз, қатерсіз емес еді. Мұндай күрделі, қайшылықты мәселелер туралы университет аудиториясында лекция оқу, зерттеу



жұмыстарын жүргізу 1960-1970 – жылдары да оңай болмағаны даусыз. Түрсекең өз биігіне ғылым мен білімнің осындай ауыр жүгін қайыспай көтеріп шықты, әдебиеттанудағы деректі, дәйекті, нақты жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуы мен дамуына зор еңбек сіңірді.

Әрине, әркімнің, әр нәрсенің өз биігі бар. Даңқ биігі тұр басын мұнар басып. Биліктің шыңы да жарқырап көз қарықтырады... Базар төрінен билік тұғырына, одан даңқ пен дақпыртқа ұмтылушылар да жеткілікті. Мұның дұрыс-бұрысын Жаратқан өзі айырып алар. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда ада болып жаратылған жан байлық пен биліктің, даңқ пен дақпырттың пұшпағын ұстап, ұшпаққа шыққанда болса, шалқып, шалықтаса, қомданып, қомағайлық танытса, оған да сабырмен қарауға тура келетін шығар. Түрсекеңнің биігі басқа: даңқ асқарынан да, билік шыңынан да, байлық базарынан да баянды солардың бәрінен де мәнді, бәрінен де салтанатты. Өзгенің қадірі мен өз қасиетін танығысы келген қоғамдық сананы жаңартуды, адамның ақыл-ойын дамытуды көздеген, пайда ойламай, ар ойлаған кісі осы биікке көз салады. Одан қадірлі нәрсе дүниеде жоқ. Оның қадіріне жетпейінше, кісінің мақтануы асығыстық, баптануы – асылық. Оған қыранның қанаты шығара алмайды, оған өрмелеп, жер бауырлық жылжып та, құдай берген аяқпен аттап-пұттап немесе жүгіріп те жету мүмкін емес. Оған байлық та, билік те алып бара алмайды, білектің күші де жеткізіп салмайды. Оның қадірі мен қасиетінің асқар биігі Аллатағаланың рақым нұры ғана түсетін болса керек. Содан кейін бұл шыңға ұстаздың шалқығы ілімімен, тасыған білімімен, балқыған мінезімен ұштасқан ұлы еңбегі ғана жеткізбек.

Профессор Тұрсынбек Кәкішұлының табиғатында, ісі мен әрекетінде, еңбегі мен бейнетінде ілімнің шалқығы да, білімнің тасуы да, мінездің балқуы да бар. Сондықтан да Түрсекеңнің өзі жер басы аудитория есігін ашып жүргенімен, еліміздің білімі мен ғылымына, қоғамдық сананың жаңаруына сіңірген еңбегінің жарық-жылуы әлгінде айтылған ұстаздық ұлағат биігінен таралып жатады. Кісінің шалқыған ілімімен, тасыған білімімен, балқыған мінезімен ұштасқан ұлы еңбегі жеткен биікте оның еңбегі де тұрады. Өйткені кісінің өзі мен еңбегі бір-бірінен бөлінбейді, бірі екіншісінен озбайды, бірінен екіншісіне қалмайды. Олай болған жағдайда, ұстаздық ұлағат атты ұлы биіктің күн нұры шағылысқан шыңын, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының өзі тұр деуіміз керек.

Адамды қанша ұлықтағанымызбен, ол, бар болғаны, қара жолдың үстіндегі қаражаяу жолаушы іспетті: әлденені қара тұтпаса, әлденеге қарамаса, елегізіп, қадам баса алмайды. Ұстаз да, қанша биік болғанымен, сол ұлы жолдың үстінде. Бірақ ол жолға да, қолға да емес, басқа қарайды, алдына ғана емес, айналасына, оңы мен солына бірдей көз салады, салт атты, сабау қамшылы емес, адасқан жаңдай жалғыз да жүрмейді, айналасымен, соңынан ерген шәкірттерімен бірге алға асады. Жанына келгенді тістеп алдынан шыққанды тарпып, артынан ергенді теуіп, жетер жеріне жеке дара жетпекші болатын тапшы жандарды шынайы ұстаздар арасынан табу қиын. Тұрсынбек Кәкішұлы – өзі тәрбиелеп, өсірген шәкірттерінің біразын алдына шығарып, маңдайына ұстап, енді біразын қатарына алып, енді бір тобы соңынан ертіп келе жатқан ардақты ұстаз.

Ерте дәуірдің тәрбие беру жүйесінде бала он төрт жасқа келген соң, әлемде өз ғылымы бойынша қатарынан озып шыққан төрт ғұлама ұстаздан мынадай төрт сала бойынша тәрбие алады екен: а) даналық; ә) әділдік; б) ақыл қуаты; в) батылдық. Төрт ғұламаның әрқайсысы өз ғылымы бойынша жаңағы бала дана, әділетті, ақылды, батыл тұлға болып қалыптасқанға дейін тәрбие береді: а) даналық сабағы бойынша жасағанның тура жолымен жүруге тәрбиелейді; ә) әділдік пәні бойынша әділеттілік сырына қанықтырады; б) ақыл қуаты сабағы бойынша ұстаз шәкіртін дүниеге бой алдырмауға, жаңа аффектілерін (тәннің құмарлығын, ашуды, т.б.) ақылға бағындыруға тәрбиелейді; в) батылдық дәрі бойынша баланың ержүрек болып өсуіне қол жеткізеді. Біздің заманымызда не көп, жаңалық, жаңа білім көп. Жер шарының түкпір-түкпірінен жиылып, университеттерімізге құйылып жатқан білімде есеп жоқ. Өзіміз ойлап тапқан білім де көл-көсір. Бірақ білім алушылардың астынан осы білім айнадай жарқырап ағып өтіп жатқанына қарамастан, жұрт жоғарыда көрсетілген төрт сала бойынша арнайы тәлім мен тәрбиеге сонша ділгір. Орта мектеп оқушыларын айтпағанда, болашақ әдебиетшілер мен әдебиеттанушылардың бойына осы төрт сала ғылымның құндылықтарын арнайы егетін бір де бір пән жоқ екен. Ол құндылықтар білім алушылардың бойында Түрсекеңдер секілді жақсыларымыздың өзінен немесе көзін ұшқан жарықтан, ақыл отынан өніп-өседі екен. Жаңағы төрт сала байырғы ғылымнан жеткен жарық пен жылу Түрсекеңдер аудиторияға кірсе, бірге кіріп, Түрсекеңдер аудиториядан шықса, бірге шығып жүрсендер екен...

Түрсекең ұстаздық қызмет атқарып жүрген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде аты да, заты да айрықша мәнді екі кафедра қатар тұр: бірінде академик Зейнол Қабдолов мектебінің қонырауы сыңғырлайды; екіншісінде академик Тұрсынбек Кәкішев мектебінің үні естіледі. Аудитория, кафедра, факультет, университет... – бәрі де бұрынғыдай, осыдан алпыс жылдан астам бұрынғы сәттегідей. Тек: «Тұрсынбек болсаң қайтейін!» – дейтін Зекеңнің өзі өтіп, артында өлмес тұғын сөзі қалған. Ал Түрсекеңнің көзінің шырасында ашу шоғы қоздамай, ақыл отының өзі маздайды.

Ақыл отыңыз жана берсін, ардақты ұстаз!

2007-2012 жылд